

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі қаржы лизингі құралдары арқылы сатып алынатын гидрометеорологиялық қызметті дамытуға және жаңғыртуға арналған аспаптар мен жабдықтарды сатып алу жөніндегі ұсыныстарды/өтінімдерді қайтадан қабылдайтынын хабарлайды.

Атауы		Өлшем бірлігі	Саны
Агрометеорологиялық желіні жаңғырту			
1	Астық егетін өңірлерге арналған автоматты агрометеорологиялық станция	дана	44
2	Жайылымдық өңірлерге арналған автоматты агрометеорологиялық станция	дана	10
	БАРЛЫҒЫ		54
Метеорологиялық желіні жаңғырту			
1	Автоматты метеорологиялық станция	дана	56
2	Топырақ ылғалын өлшегіші бар автоматты метеорологиялық станция (агро)	дана	10
	БАРЛЫҒЫ		66

Сатып алуға жоспарланып отырған аспаптар мен жабдықтардың техникалық сипаттамалары осы хабарландырудың қосымшаларында келтірілген.

Параметрлері сәйкес келетін немесе техникалық сипаттамалары жетілдірілген аспаптары мен жабдықтары бар әлеуетті өнім берушілерді сатып алуға қатысуға және тауардың техникалық сипаттамасы, құны, оны жеткізу шарттары мен мерзімі қамтылған ұсыныстар ұсынуға шақырамыз.

Бұдан басқа, ҚР аумағында жеткізілетін жабдықтар үшін сервистік орталықта берілген растаушы құжаттардың болуы, зауыт кепілдігінің берілуі және техникалық қолдау көрсетілуі құпталады.

Ұсыныстарды ашу отырысына шақыру үшін ұсыныстар жазбаша нысанда, байланыс деректері көрсетілген конвертке (конвертке **"ашпаңыз"** деген белгі қойылады) салынып, желімделген күйде ұсынылуы тиіс.

Ұсыныстар салынған конверттер тиісті хаттамаға қол қоя отырып, комиссияның және өнім берушінің өкілдерінің қатысуымен ашылатын болады.

Әлеуетті өнім берушілер конверттерді ашу отырысына қатысу форматын (жеке немесе онлайн) өздері айқындайды.

Желімделген конверттерді қабылдау мекенжайы: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8 үй, «Министрліктер үйі» әкімшілік ғимараты, 15-кіреберіс.

Желімделген конверттерді ұсыну мерзімі: 2026 жылғы 09 қазан, сағат 17.30-ға дейін.

Конверттерді ашу отырысының күні қосымша хабарланатын болады.

Анықтама үшін байланыс телефоны: +7 (7172) 74-13-83, 79-84-44.